

Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейі
«Адал Ұрпақ» еріктілер клубы отырысының

№1 хаттамасы

Мерзімі: 20.09.2024 ж

Қатысқандар:

Ұйымға жауапты қызметкерлер

Күн тәртібінде: «Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы қызметін ұйымдастыру

Тыңдалды:

Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейінің аға тәлімгері Хасенова Д.Н. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб жоспарына сай «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын, әдетте жалпы білім беру мектеп басшылығының, сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлердің қолдауымен негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балалар қалыптастыратындығын, 2024-2025 оқу жылына «Адал Ұрпақ» ерікті клубын құру туралы бұйрық шығарылғандығын, рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылғандығын айтып өтті.


Сөйледі:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айбас Д. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі болғандығын, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын түзу мектептің аға тәлімгері Хасенова Д.Н. жүктелетіндігін айтып өтті.

Қабылданған шешім:

1. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жұмыс жоспарлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасы негізінде жасалынып, жұмыс жандандырылсын.
2. Жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалау жауапкершілігі мектептің аға тәлімгері Хасенова Д.Н. жүктелсін.

Аға тәлімгер



Хасенова Д.Н.